

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетін тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 қазан N 1116

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 24-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті (бұдан әрі - Комитет) оның мүлікті басқару жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне беріле отырып таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жол қозғалысы қауіпсіздігінің ғылыми-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны таратылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Комитеттің таратылуын жүзеге асырсын;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 маусымдағы N 777 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 21, 262-құжат) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 - тармақтарының;

2) "Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық және мелиоративтік техниканың есебін жүргізу, оны мемлекеттік тіркеу және техникалық жай-күйін тексеру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 846 қаулысының 1-тармағы 2) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі